

**6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Исаев Абдінабі Исаұлының «Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің**

### **ШҚІРІ**

Білім беру жүйесіндегі өзгерістер құзыретті маманды талап етеді, өйткені, оның дайындығы әлеуметтік тәжірибенің өзгеруіне; білім беру қызметтерін қайта жаңартуды жүзеге асыруға; білім беру үдерісіне инновациялардың енгізілуіне; әлеуметтік талаптардың деңгейінің өсуіне, т.б. жауап беруі тиіс. Осыған сәйкес педагогтың кәсіби дайындығын, іс-әрекетінің мазмұны мен әдістерін жетілдіру мәселесі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты жүзеге асырылады. Екінші жағынан кәсіби білім берудің ғылым мен технологияның даму жағдайына бейімделуі, жоғары білім беру мазмұнын ғылыми тәсіл тұрғысынан жетілдіруді, оқыту технологиясын, әдістерін, өнімділігін арттыруды қажет етеді.

Сондықтан да болашақ педагогтарды білім беру жүйесіндегі өзгерістерді қанағаттандыратын және педагогика ғылымының жетістіктеріне сәйкес жоғары білім беру мазмұны жағдайында даярлау уақыт талабы. Осы тұрғыдан алғанда диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі күмән туғызбайды.

Жаңартылған білім беру жағдайындағы бақылау-бағалауға басымдық берілудің және оқушыларды дене шынықтыру мен спортқа баулудағы ұйымдастыру жұмыстарының өзгерісі спорт педагогының даярлығын жетілдіруді талап етеді.

Автор зерттеу жұмысында педагогикалық бақылаудың оқыту үдерісінің қажетті құрамдас бөлігі болып табылатынын, оқу-жаттығу іс-әрекетінде педагогикалық бақылаудың тұтас жүйе ретінде қарастырылатынын зерделеген. Сондай-ақ, жоғары оқу орындарында болашақ спорт педагогтарын даярлау, спорт түрлері бойынша педагогтарды даярлауды жетілдіру бойынша жазылған ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдаған.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау болып табылады.

Зерттеу жұмысының авторы тарапынан болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған, бақылау, педагогикалық бақылау бойынша жазылған еңбектерді зерделеу, талдау негізінде «Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау» ұғымының мәні мен мазмұны нақтыланған, болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін

педагогикалық бақылауға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленген және әдістемесі жасалған.

А.И.Исаев өзінің зерттеу жұмысының барысында аталған даярлықты жетілдіру мақсатында «Дене шынықтыру мен спорт саласындағы педагогикалық үдерісті бақылау» атты элективті курсын әзірлеп, оны болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлауда басшылыққа алатын білім беру бағдарламасына енгізген. Сондай-ақ, болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлау үдерісін күшейту мақсатында педагогикалық тапсырмаларды қамтыған екі оқу құралын оқыту үдерісінде пайдалануға ұсынған.

Диссертациялық зерттеу жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Исаев Абдінабі Исаұлының зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен тұжырымдары шетелдік және отандық басылымдарда жарық көрген. Жалпы саны екі оқу құралы, 18 ғылыми-әдістемелік мақаласы жарияланған.

Орындалған диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті белгілеген талаптарына сай келеді.

Исаев Абдінабі Исаұлының 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған **«Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау»** тақырыбындағы докторлық диссертациясын ашық түрде қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші,  
Педагогика ғылымдарының докторы,  
доцент

